

«Сейфуллин оқулары – 16: Жаңа формациядағы жастар ғылыми – Қазақстанның болашағы» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Международной научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 16: Молодежная наука новой формации – будущее Казахстана. - 2020. - Т. II. - Б. 199-201

МИСТИКА ЭЛЕМЕНТТЕРІ БАР ӘДЕБИЕТТІҢ ОҚЫРМАНДАРДЫҢ КӨЗҚАРАСЫНА ӘСЕРІ

Беулханова А.

Жаңа ғасырдың басталуымен, қоғамның да тынысы жаңарды десек те болады. Бұрынғы адамның тұрмыс-тіршілігіне қажетті алпауыт, үлкен, қолданысы қиынға соғатын, уақытты талап ететін заттар бүгінгі таңда әлдеқайда қолданысты жеңілдетіп, заттар кішірейіп, уақытты үнемдейтіндей қылып жасалған. Яғни, қоғам қарқынды дамып жатыр. Қарқынды даму адам өмірінің барлық саласын қамтыған. Әдебиет те дамудан құр қалып жатқан жоқ.

Жаңа заман адамдары жаңа жанрлар, жаңа шығармаларды талап етеді. Көзге анық көрінетіні, бүгінде заман ағымынан қалмай, көшке ілескен қоғамға жаңа ағым мен бағыттағы әдебиеттің қажет екендігі. Яғни дәстүрлі әдебиеттен гөрі постмодерн ағымындағы жаңашыл әдебиет өз оқырманын тауып, сұранысқа ие болуда. Екіге бөлінген қоғамның бір саласы аталмыш ағымды жатсынса, келесісі мойынсұнды, қабылдады.[1] Жаңа заман адамдары қандай әдебиетті сүйіп оқитынын, олардың арасындағы мистика жанрының мәртебесі қандай екенін анықтау біздің басты мақсатымыз.

Байырғы замандарда адамдар сиқырға, тылсым күшке, табиғат құбылыстарының астарында «Тәңірдің бұйрығы» бар екендігіне сенгені баршамызға мәлім. Қазіргі адамдар діни догмаларға, ғажайыпқа қарағанда, ғылыммен дәлелденген, нақты фактілерге көбірек сенеді. Сонда, қазіргі адамдар өміріне сиқырдың, ғажайыптың, үрей тудыратын мистиканың керек еместігі болып шыққаны ма? Олай болса, неге кейбір мистик-жазушылар керемет сұранысқа ие? Одан соң, сол мистика жанры қазіргі таңдағы оқырмандарға қалай әсер етеді? Әдебиеттегі мистика дегеніміз не? Әдебиет мистикасы – қандай да бір туындының ғажайып элементтері мен қарапайым өмірден тылсым құбылыс алу үрдісі, саналы ой-үрдіске белгісіз, жат объект және жат түсінік.

Қазіргі әдебиет жанрларының қатарын тылсым күш пен реализмді байланыстырып, толықтырған «мистика» жанры. Аталмыш жанр бүгінде қазақ әдебиетінде әлі зерттелмеген, өзекті тақырыптың бірі. Оған ғылыми анықтамалықтарда, «Мистика (грек. *Mystikos* – құпиялы) дүниеге діни-идеалистік көзқарас. Оның негізінде табиғаттан тыс күштерге деген сенім жатыр. Мистика иррационализм мен аскеттілікпен тығыз байланысты және оған эзотеризм, яғни құпиялылық тән. Мистика, ең алдымен, рухани әлемді жеке психологиялық тәжірибе арқылы тануға ұмтылу, осыдан туындайтын амал-әрекеттер» [2]. Мистика адам мен табиғаттан тыс рух пен құдайдың бар

екенін мойындайды. Біршама ғылыми сипат алған, рационализмге түбегейлі қарсы келмейтін тұстарында мистика философия және теологиямен тіл табыса алады. Мысалы, ислам мистикасында, яғни сопылықта ақыл мен ойлау жоғары бағаланды[3]. Мистика – санадан тыс ғажайып әлемнің болуына сену және сол әлеммен байланысқа түсу мүмкіндігі». Әдебиет мистикасы – қандай да бір туындының ғажайып элементтері мен қарапайым өмірден тылсым құбылыс алу үрдісі, саналы ой-үрдіске белгісіз, жат объект және жат түсінік[4].

Негізінен жазушылардың мистикалық шығармаларын тақырыбына қарай үлкен екі топқа бөліп қарастырамыз. Бірі – фольклорлық мотивтерден құралған туындылар, келесісі готикалық сарындағы(тылсым күштерге ие, құпия оқиғалар мен фантастика, мистика мен қорқынышты шығармалар) – мистикалық әңгімелер.

Бүгінде қазақ әдебиетінде дамымай, болмашы ғана қылаң беріп, бұлыңғыр күйде қалып қойып жүрген бірқатар жанрлар кездеседі. Готикалық және мистикалық сарындарда шығармалар жазып, өз оқырмандарын қалыптастырып жүрген жас жазушыларымыздың бірі – Қойшыбек Мұбарак. сынды жазушылардың әңгімелері арқылы мистика жанры өз кірпішін қалап та үлгерді. Қаламгер жайлы әдебиет зерттеушілері Ж.Мәмбетов пен Г. Әбиханова сөз қозғап, постмодернист жазушы Д.Амантайдың автор туралы мына бір сөзін мысалға келтіреді: «Қойшыбек Мұбарактың шығармалары Милорад Павичті еске түсіреді. Милорадта реализмнің өзі мистикалық тұрғыда бейнеленеді. Яғни, реализм мен мистиканың арасында шекара жоқ, бір-біріне өтіп кетіп отырады. Ғұлама қаламгер Габриэль Гарсиа Маркес пен Карлос Фуэнтестің туындылары сияқты» [5].

Мистик жазушылардың шығармалары діни түсініктер мен фантазиялық сананың жемісі. Олай дейтініміздің себебі, суреткерлердің кез-келген шығармасын оқығанда, классикалық әдебиеттен қалыптасқан түсінігіңізге нұқсан келуі немесе автор санасында бір ауытқушылық бар ма деген қауіпте болуыңыз мүмкін. Ал шығарманы қолға алып, оқи бастағанда бірден бойыңызды қорқыныш пен үрей билеп алатыны анық. Шығармаларды оқырмандардың қабылдау мәселесіне келсек – қабылдау қиын да үрейлі. Оқырман мұндай шығармаларды алғаш оқығанда белгісіз психологиялық күйге бөленуі мүмкін. Себебі бұл психологиялық триллер. Яғни санаға салмақ түседі. Ал кейін оқи келе бойы үйреніп, керісінше одан бойын аулақ ұстап, санасын түрлі ауыртпалықтардан тазартатын болады. Зерттеу нәтижелерін жариялаған жергілікті социологтардың мәлімдеуінше, сауалнама респонденттері арасында кітап оқумен әуестенетін ерлерге қарағанда (72 пайыз), әйелдер көп (80 пайыз). Сауалнама нәтижелеріне сәйкес, қазақстандықтар көбінесе детектив, тарихи және махаббат жайлы романдарды оқиды. Екінші орында - іскерлік және классикалық әдебиеттер, ал ғылыми және анықтамалық басылымдарды мүлде аз оқиды. Соңғы орында - фантастика, орыс әдебиеті, балаларға арналған кітаптар мен поэзия. Ел тұрғындары жылына ең көбі бес кітап оқиды, ал респонденттердің жартысынан көбі мүлде кітап оқымайды. Социологиялық сауалнаманы

былтыр жыл аяғында саяси шешімдер институты жүргізген. Зерттеушілердің мәлімдеуінше, сарапшылардың сұрақтарына елдің 16 қаласынан үш мыңға жуық адам жауап берген [6].

Жазушы, ақындар - Қазақстанда шығатын көркем әдебиет авторлары «елде кітап оқу мәдениеті құлдырап кетті, кітабымыз мардымсыз тиражбен шығады» деп баяғыдан шағымданып келеді. Жергілікті авторлар қазақстандықтардың кітапты аз оқуына қазіргі ақпараттық технологияларды кінәлайды. Олар оқырмандар «интернетке көшіп алды», қазір ақпаратты телефон, смартфон, электрондық кітаптардан ала салады, ал бұл кітап оқу дағдысын жоғалтуға ұласады деп санайды.

Кез-келген теорияны дәлелдеу үшін зерттеу жұмысын жасау керек. Сол себепті мистика элементтері бар әдебиеттерің оқырманның көзқарасына әсерін түсіну үшін студенттер арасында сауалнама жүргізілді. Сауалнама барысында сауалнаманың жауаптар аясын тарылтып «иә, не жоқ» деп жауап беруіне қарағанда, өз ойын ашық айтуға көбірек назар аударылды. Сауалнаманы келесі сұрақтар легі қамтыды:

Сіз әдебиеттің қандай жанрын сүйіп оқисыз?

Сіз мистикалық шығармаларды оқисыз ба?

Сізді мистика элементтері бар, не болмаса, қорқыныш картиналары бар кітаптар, журнал-газеттер, фильмдер қызықтырады ма?

Готикалық мистика жанрында жазылған шығармаларды оқып болғаннан соң сіз қорқыныш, жағымсыз сезімде боласыз ба?

Сізді мистикалық шығармалар несімен қызықтырады?

Мистикалық шығармалардың қазіргі таңдағы оқырмандардың әдеби талғамын қалыптастырудағы рөлі қандай?

Д. Алигьеридің «Күдіретті комедиясы» мен И. Гетенің «Фауст» шығармаларын оқу сізге қызықты болды ма?

Аталған шығармаларды оқу барысында қорқыныш сезімінде болдыңыз ба? Қандай сезімде болдыңыз?

Бұл шығармаларды қайтадан оқығыңыз келеді ме?

Қазіргі заманда мистика жанрында шығармалар жазатын қандай ақын, жазушыларды білесіз?

Қазақ әдебиетіндегі готикалық мистика жанры жайлы не білесіз?

Сауалнамаға 50 студент қатысты. Сауалнамаға 17-20 жас аралығындағы студенттер қатысты. Сонымен, 1-ші сұрақтың жауаптарын қорытындылап, көптеген студенттер 1-ші орында мотивация, жігер беретін кітаптарды, 2-ші орында романтизм жанрындағы, 3-ші орында детектив жанрындағы әдебиеттерді сүйіп оқитынын анықталды.

2-ші сұраққа 50 студенттің 16-сы «иә, оқимын», 5-еуі «кейде оқимын», «жоқ, оқымаймын» деп 29 студент жауап берді. Бұл тарапта, түсіне кетерлік жайт, готикалық мистика жанры ауыр болып табылатындықтан және де мистика жанры жайлы ғана сұрағандықтан, «жартысынан көбі кітап оқымайды екен» деген теріс пікір қалыптаспауы керек.

3-ші сұрақтың жауаптары біз үшін үлкен жаңалық болды. Себебі, 50 студенттің 42-сі «иә, қызықтырады» деп, 8 студент «жоқ, қызықтырмайды»

деп жауап берді. Яғни, жастар мистикаға жанрына ден қойған дегенді білдіреді.

4-ші сұрақты қою арқылы құнды жауаптарға тап болдық. 20 студент «мистика жанрын оқымаймын» деп жауап берсе, 9 студент «қорқынышты болғандықтан оқымаймын», 13 студент «жоқ, қорықпаймын» деп, қалған 8 студент «оқып болғаннан соң алғашқы сәтте үрейде боламын, алайда, уақыт өте келе, үрей басылады», - деп жауап қатты.

5-ші сұрақтың да жауаптары сан алуан болды. 29 студент мистиканы оқымаса, қалған студенттер «мистика өзіне дерлік тартып алады. Соңында не боларын білмей, түсініксіз жайда отырмыз. Сонысы қызықтырады» деп жауап берді.

6-шы сұрақ ең күрделі болған-тын. Барлық студенттер жауап беруге қиналды.

7-ші сұраққа 10 студент қана «иә, оқыдым. Қызықты болды», «естен кетпестей әсер қалдырды. Дантемен бірге Жұмақ, Тамұқ, Тозаққа; Фаустпен бірге түрлі локацияларға сапар шеккендей күйде болдым» деп жауап берді. Қалған 40 студент оқымаған, алайда, алдағы уақытта оқуға ниет білдірді.

8-ші сұраққа барлық оқыған студенттер «жоқ, қорқыныш сезімі болған жоқ. Алайда, қос шығарма менің санама терең ой салды» деп жауап берді.

9-шы сұраққа оқыған студенттер «әрине, қайталап оқудан жалықпас едім» деп жауап айтты.

10-шы сұрақтың жауаптары сан алуан болды. Сол жауаптарға карағанда, шетел мистикасы қазақ студенттерін көбірек қызықтырады. Көбі американдық жазушы – Стивен Кингті атады. Сонымен қатар, Энн Райс, Оскар Уайльдті оқимыз деді. Қуантарлық жайт – 3 студент «Алаш айнасы» газетіндегі «Қорқынышты әңгімелер» айдарын оқиды.

11-інші сұраққа, өкінішке орай, ешкім жауап қата алмады.

Сонымен, қазір көптеген жастар кітап оқымайды деп айтқанмен, готикалық мистика элементтері бар әдебиеттің өз тұрақты оқырмандары баршылық. Бір карағанда, готикалық мистика жанрындағы шығармаларда ешқандай мән-мағына жоқ, ол жанрдың функциясы – тек адамдарды қорқыту деген пікірдің де жансақ екенін білдік. Готикалық мистиканың мақсаты біз ойлағаннан да терең: қорқыныш, үрей сезімі арқылы адамдарды тәубаға шақырып, адам өміріндегі бұрыс жолдың қорқынышты тұстарын астарлай отырып, дұрыс жолға түсуге үндеу.

Әдебиеттер тізімі

1 <http://mystic.kz/proza/784>

2 Қазақ энциклопедиясы, 6 том

3 <https://kz-wiki.ru/wiki/Мистика>

4 <https://massaget.kz/layfstayl/debiet>

5 <https://adebiportal.kz>

6 https://www.azattyq.org/a/kazakhstan_books/27706042.html

Ғылыми жетекшісі: Кукенова Г.А